

Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында өткен салтанатты жиынның
ақпараттамасы
2025-2026 жылы

Салтанатты жиынның мақсаты:

1. **Жаңа оқу жылының басталуын салтанатты түрде атап өту;**
– Білім беру процесінің басталуын ерекше көңіл-күймен қарсы алу.
2. **Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру;**
– Балаларды білімге, ізденіске, еңбекке баулу.
3. **Мектепке алғаш келген 1-сынып оқушыларын қарсы алу;**
– Олар үшін бұл күн – мектеп табалдырығын алғаш аттау сәті.
4. **Мұғалімдердің еңбегін құрметтеу, ұстаз беделін арттыру;**
– Білім мен тәрбие беруші ұстаздарға алғыс білдіру.
5. **Ұрпақты отансүйгіштікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;**
– Мемлекеттік рәміздерге, ана тіліне, тарих пен мәдениетке құрмет көрсету.
6. **Мектеп, ата-ана және оқушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.**

Әлеуметтік

желілер: <https://www.facebook.com/share/v/1YMn5HPtCJ/?mibextid=wwXlfr>



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қыркүйек айы Тәуелсіздік және отаншылдық құндылығы аясында өткізілген іс-шаралар ақпараттамасы

“Мектебім-мейірім мекені” республикалық челленджінің ақпараттамасы

“Мектебім-мейірім мекені” республикалық челленджі аясында 10-сынып оқушысы Ерғалы Альазиз өзінің болашаққа деген арман мақсатымен бөлісті.

Ерғалы Альазиздің болашақта өзі дүниеге келген **Түпқараған аудандық полиция бөлімінің басшысы** болғысы келуі – оның туған жеріне деген сүйіспеншілігін, азаматтық жауапкершілігін және елінің тыныштығы мен қауіпсіздігіне өз үлесін қосуды қалайтынын көрсетеді.

Мақсаты:

• **Туған өлкесіне қызмет ету:**

Өзі туып-өскен жердің дамуына, қоғамдық тәртіптің сақталуына үлес қосу.

• **Құқық қорғау саласында әділ басшы болу:**

Заң мен әділдікті басты ұстаным ете отырып, адал қызмет атқару.

• **Халықтың сенімін ақтау:**

Полиция қызметіне деген жұртшылықтың сенімін арттырып, ашық әрі әділ басқару жүргізу.

• **Жастарға үлгі болу:**

Өз арманына жету жолындағы табандылығымен өзінен кейінгі буынға мотивация беру.

Туған жерінің қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз етуге ат салысу, әділдік пен заңдылықты сақтай отырып, Түпқараған ауданын тыныш әрі сенімді мекенге айналдыру.



Әлеуметтік желілер: <https://www.facebook.com/share/v/17XkAJd2VA/?mibextid=wwXifr>

**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2 қыркүйек күні
ұйымдастырылған “Мектебім-мейірім мекені” республикалық челленджінің
ақпараттамасы**

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕРІ

“Мектебім – мейірім мекені” атты республикалық челлендж аясында еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқушылар белсенділік танытып жатыр. Солардың бірі – 4-сынып оқушысы Камал Камила өзінің жазғы демалысынан алған әсерлерімен бөлісті.

Ол өз жазғы демалысын қалай өткізгені жайлы әсерлі әңгімелеп, достарымен бөлісті. Камила жаз бойы ата-анасымен бірге Алматы, Шымкент, Сарыағаш қалаларында табиғат аясында демалып, концертке қатысып, бірнеше мәдени жерлерді аралағанын қуана жеткізді. Сондай-ақ, жазғы демалыстың ең қызықты сәті – ауылдағы әжесіне барғаны екенін ерекше атап өтті. Камила өз сөзінде: “Мен мектепті, ұстаздарымды және сыныптастарымды қатты сағындым. Жазда алған әсеріммен оралып, жаңа оқу жылына үлкен қуанышпен келдім. Мектебім – мен үшін екінші үйім”, – деп атап өтті.

Әлеуметтік желілер: <https://www.facebook.com/share/v/1BFfJGtS9P/?mibextid=wwXIfr>



2 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде

11-сынып оқушыларымен өткен жиналыстың ақпараттамасы

Мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна, оқу ісі жөніндегі орынбасар Реуменова Райгүл Амангалиевна және тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Есқуатова Айнұр Есқуатқызының қатысуымен 11-сынып оқушылары мен сынып жетекшілеріне жиналыс өтті.

Жиналыстың мақсаты:

- ҰБТ-ға тиімді дайындықты ұйымдастыру;
- Құқықбұзушылық, буллингтің алдын алу жолдары;
- Мектеп формасын сақтау міндеттілігі;

Жиналыс барысында оқушыларға алда тұрған маңызды кезең- ҰБТ жауапкершілігі туралы айтып, тәртіп пен білімнің қатар жүруі қажеттігін баса айтты. Алда күтіп тұрған ҰБТ тек білім сынағы емес, өмірлік белестің бірі екенін, құқықбұзушылықтың кез келген түрі болашаққа кері әсер ететіні, яғни ойынқұмарлық, буллинг және тәртіпсіздікке жол берілмеу керектігі, мектеп ережелері мен мектеп формасы оқушы мәдениетінің көрсеткіші екенін де еске салды.

Оқушылар қойылған талаптармен танысып, сұрақтарға жауап алды. Әр оқушының жеке жауапкершілігі мен болашағына мұқият қарауы қажет екендігі атап өтілді.

Әлеуметтік желілер:

<https://www.facebook.com/share/p/19oBHLusAT/?mibextid=wwXIfr>



**2 қыркүйек күні 2025 жылы Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
1-11 сыныптарда «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында өткен бірыңғай сынып
сағаттарының ақпараттамасы**

Мақсаты:

- Оқушылардың бойында отансүйгіштік, ұлттық патриотизмді қалыптастыру;
- Қазақстанның жетістіктері мен даму жолдарын таныта отырып, мақтанш сезімін ояту;
- елжандылық, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Әлеуметтік желілер:

<https://www.facebook.com/share/v/1CQYffXks2/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1CJEWQdbf/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1A83tKBujd/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/16tVtHyK83/?mibextid=wwXIfr>



5 қыркүйек күні 2025 жылы Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сыныптарда «Бақытың да, байлығың да-денсаулық!» тақырыбында өткен денсаулық фестивалінің ақпараттамасы

Мектебімізде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін “Бақытың да, байлығың да-денсаулық!” ұранымен “Денсаулық фестивалі-2025” іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мақсаты:

- Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау;
- Дене белсенділігінің, дұрыс тамақтанудың, жеке бас гигиенасының және зиянды әдеттерден бас тартудың маңызын түсіндіру;
- Денсаулықтың адамның басты байлығы екенін ұғындыру;
- Жастарды белсенді өмір сүруге, дене шынықтырумен айналысуға ынталандыру;
- Денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру;

Фестиваль аясында өткізілген іс-шаралар:

- Мектеп ұстаздары және оқушылардың қатысуымен таңертеңгілік жаттығу;
- Сыныпаралық спорттық жарыстар: арқан тартыс, гiр тасын көтеру;
- Оқушылардың мектеп алаңында жаппай жүгіруі;
- Спорттық флешмоб пен би бағдарламасы;

Шараға мектеп оқушылары мен ұстаздары белсене қатысты. Фестиваль мектеп оқушыларының сергек көңіл күймен, көтеріңкі рухпен белсенді өмірге деген ынтасын арттыра түсті.

Әлеуметтік желілер:

<https://www.facebook.com/share/v/17K3QYB9JR/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1Dzk6D8EHK/?mibextid=wwXIfr>



5 қыркүйек күні 2025 жылы Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде даярлық сыныптарда «Бақытың да, байлығың да-денсаулық!» тақырыбында өткен денсаулық фестивалінің ақпараттамасы

«Денсаулық фестивалі аясында» мектепалды даярлық сыныптар арасында «Көңілді мәре» спорттық сайысы өткізілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.

«Көңілді мәре» спорттық сайысына Д «А» сыныбы, Д «Ә» сыныбы, Д «Б» сыныптары өткізілді. Жарыс 5 кезеңнен тұрды.

1. «Топты таныстыру»
2. «Кім жылдам?» ойыны
3. «Мұртты кенгуру» ойыны
4. «Кім шапшаң?» ойыны
5. «Топты жина» ойыны

Сайысқа оқушылар белсене, шапшаңдықпен қатысты.

Сайыс қорытындысы бойынша:

Д «А» сыныбы -2-орын

Д «Ә» сыныбы -1-орын

Д «Б» сыныбы – 3-орынмен марапатталды.

Әлеуметтік желілер:

<https://www.facebook.com/share/16ruN3cazw/?mibextid=wwXIf>





8-12 қыркүйек аралығында Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде даярлық сыныптары мен 1-11 сыныптарда «Отбасы-аялы алақан мекені» атты іс-шаралар жоспары аясында өткен бірыңғай сынып сағаттарының ақпараттамасы

8 қыркүйек күні мектебімізде «Шаңырақ шаттығы-отбасы бақыты» тақырыбында даярлық сыныптары мен 1-11 сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары болып өтті.

Мақсаты:

1. Оқушыларға отбасы құндылықтары туралы түсінік беру, отбасының әрбір мүшесінің рөлі мен маңызын ұғындыру;
2. Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, қамқорлық, мейірімділік сияқты адами қасиеттерді дамыту;
3. Оқушылардың өз отбасына деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру, отбасы бірлігі мен татулығын бағалауға тәрбиелеу;
4. Ұлттық тәрбиенің негізі – отбасы екенін түсіндіру, ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге баулу;
5. Оқушылардың ой-өрісін дамыту, өз ойын ашық жеткізуге, пікір алмасуға үйрету.

Әлеуметтік желі:

<https://www.facebook.com/share/v/16FTjrRdA6/?mibextid=wwXIf>

<https://www.facebook.com/share/v/1Jbq5grPq/?mibextid=wwXIf><https://www.facebook.com/share/v/1ZD8JQuCAF/?mibextid=wwXIf>



11 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 8 «Ә» сыныбында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай өткізілген сынып сағатының ақпараттамасы

Тақырыбы: Абай-дана, Абай-дара қазақта

Мақсаты:

-Абай өмірі мен шығармашылығын насихаттау;

-Өскелең ұрпақтың рухани дүниесін байыту;

8 қыркүйек күні 8 «Ә» сыныбында қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай «Абай-дана, Абай-дара қазақта» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушылар ақын өмірі мен шығармашылығына арналған сұрақтарға «Wordwall» платформасы арқылы жауап беріп, өз білім деңгейлерінің көрсеткішін анықтады. Ақын өлеңдерінен үзінділер оқып, сазгердің әндерін ұйып тыңдады. Сынып сағаты артына өшпес із қалдырған Абай шығармашылығынан ғибрат, өмірлік бағыт-бағдар алар шара болды. Сынып сағаты әлеуметтік желіге салынды.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/v/1QhUaqYVaW/?mibextid=wwXIf>



15 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде Абай-адамзаттың ақыны” тақырыбында өткізілген эссе байқауының ақпараттамасы

Эссе байқауының мақсаты:

- Абай шығармашылығын кеңінен насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріштеу;
- Ақын мұрасын терең тануға қызығушылығын ояту, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті арттыру;
- Абай мұрасы арқылы адамгершілікке, еңбекке, білімге құштарлықтарын арттыру және көркем жазу дағдыларын жетілдіру.

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Наурызова Гүлжамалдың ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында “Абай-адамзаттың ақыны” тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/p/1Cf8p7M5Zi/?mibextid=wwXlfr>



15 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Абай салған дара жол» атты кітап көрмесінің ақпараттамасы

Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай мектеп кітапханашысы Тулеубаева Клара мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қазбаншаева Ләззаттың ұйымдастыруымен “Абай салған дара жол” атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты:


- Ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын оқушыларға таныстыру;
- Ақынның дара жолын, адамгершілік пен білімге негізделген дүниетанымын насихаттау;
- Оқушылардың тіл байлығын, көркем сөйлеу мәдениетін дамыту;

Көрмеге қатысқан 6-сынып оқушылары ақын шығармашылығына арналған әдебиеттермен танысып, өлеңдерін мәнерлеп оқып, қара сөздерінен үзінділерді жатқа айтып берді.

Көрме аясында оқушылар белсенділік танытып, бірқатар танымдық және шығармашылық шараларға ат салысты:

- Абай шығармаларын мәнерлеп оқыды. Оқушылар ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділерді жатқа оқып, рухани әсер сыйлады.
- Кітап көрмесін таныстырды. Мектеп кітапханашысы Тулеубаева Клара оқушыларға көрмедегі негізгі кітаптар мен материалдарды таныстырып, келген оқушыларға бағыт-бағдар берді.
- Бұл шаралар оқушылардың Абай мұрасына деген қызығушылығын арттырып, олардың тіл байлығын, танымдық көкжиегін кеңейтуге зор ықпал етті.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/r/19ye7qv8We/?mibextid=wwXIfr>



16 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Кітапханадағы кітаптар сөйлесе» атты кітаптармен таныстыру ақпараттамасы

«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханашысы Тулеубаева Клара «Кітапханадағы кітаптар сөйлесе» атты кітаптарды жанды дауыста таныстырып өтті.

Мақсаты:

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, әдебиетке деген сүйіспеншілікті ояту, кітаптың құдіретін түсіндіру және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

«Бүгін біз ерекше бір әлемге –«**Кітаптар әлеміне**» саяхат жасаймыз. Елестетіп көріңізші: егер кітаптар сөйлей алатын болса, олар бізге не айтар еді? Олар өз мазмұны, кейіпкерлері, өмірлік сабақтары туралы сыр шертетін еді. Осы көрме аясында кітаптардың үнін тыңдап көрейік!»- деп кітаптарға жан бітіре сөйлеп, білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырды.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/r/17L6fwoXyT/?mibextid=wwXIf>




16 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес, “Өнегелі он бес минут”шарасы аясында өткізілген «Арқан тартыс» ұлттық ойынының ақпараттамасы

16 қыркүйек күні “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес, “Өнегелі он бес минут”шарасы аясында мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Көрпебаев Азамат 3-6 сыныптар арасында қазақтың ұлттық ойыны “Арқан тартыс” ойынын өткізді.

Мақсаты: Қазақ халқының ұмытылып бара жатырған “Арқан тартыс” ойынын жаңғырту мақсатында оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, үзіліс уақытын тиімді пайдаланып, ұлттық ойынды дәріптеу.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/r/171a3j4wbL/?mibextid=wwXIfr>



16 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде өткізілген оқу-тәрбие процесіне дене шынықтыруға арналған қысқа жаттығуларды енгізу ақпараттамасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап оқу-тәрбие процесіне дене шынықтыруға арналған қысқа жаттығуларды енгізу жөніндегі тапсырмасына сәйкес, мектебімізде бұл бастама жүйелі түрде іске асырылуда.

Жаттығудың мақсаты:

-Білім алушылардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін арттыру, шаршаудың алдын алу және оқу материалын қабылдау тиімділігін жоғарылату;

Жаттығулар әр аптаның сейсенбі күндері дене шынықтыру пәні мұғалімдері және сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен жүргізіледі.

Аталған тапсырманы орындау мақсатында мектебімізде әр аптаның сейсенбі күні таңертеңгілік 7:45 те сабақ басталғанға дейін оқушыларға арналған қысқа дене жаттығулары өткізіледі. Бұл жаттығулар оқушылардың денсаулығын нығайтуға, оқу материалын қабылдау қабілетін арттыруға, сондай-ақ жалпы белсенділігін жоғарылатуға бағытталған. Жаттығуларды ұйымдастыруда оқушылардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық мүмкіндіктері ескеріледі. Әр сыныпқа бейімделген жаттығу кешендері әзірленіп, сынып жетекшілері мен дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері тарапынан тұрақты бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым бұл бастаманың маңыздылығын ескере отырып, ата-аналармен және оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Жалпы, дене шынықтыруға арналған қысқа жаттығулар оқушылардың күн тәртібіне сәтті енгізіліп, оқу-тәрбие процесінің маңызды бөлігіне айналып отыр.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/v/1J2xSCfP29/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1D29P4EpTW/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1AgF2PG8NB/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1BbW2z1TYL/?mibextid=wwXIfr>



16 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде өткізілген “Біз буллингке қарсымыз” тақырыбындағы қысқа метражды фильмнің ақпараттамасы

Мектеп оқушылары арасында буллингтің зиянын көрсету және оған қарсы тұрудың жолдарын насихаттау арқылы мейірімділікке, құрметке, татулыққа тәрбиелеу мақсатында 7 “Ә” сынып оқушылары “Буллингке қарсымыз” тақырыбында қысқа метражды фильм түсірді. Сынып жетекшісі:Есенжолова Аида

Фильм мектепте оқитын оқушының күнделікті өмірін суреттейді. Басты кейіпкер – тыныш, сабырлы бала, бірақ сыныптастары тарапынан жиі мазаққа ұшырайды. Ол жалғыздықты сезінеді, өз-өзіне сенімсіздік пайда болады. Бірақ бір сәтте оның жанындағы бір оқушының қамқорлығы мен қолдауы жағдайды өзгертеді. Бұл әрекет басқаларға үлгі болып, бүкіл сынып атмосферасы өзгереді.

Оқушылар фильмнің негізгі идеясы арқылы:

- Буллинг – ойын емес, ол адамның жанын жаралайды.
- Әрқайсымыздың сөзіміз бен әрекетіміз басқаның тағдырына әсер етеді.
- Жақсылық жасау – батылдықтың белгісі.
- Ұжымдағы түсіністік пен қамқорлық – қауіпсіз орта құрудың кілті екенін түсініп, ой түйді.
- **Әлеуметтікжелі:**<https://www.facebook.com/share/v/1A2tSiLiMz/?mibextid=wwXlfr>



16 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде өткізілген құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша 7-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарының ақпараттамасы

Мектебімізде кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторлары Б.Қармысов, А.Қдыров, Д.Әбіловпен құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша 7-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды. Түсіндірме жұмыстарына барлығы-134 оқушы қатысты.

Мақсаты:

-Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, лудомания, буллингтің алдын алу, зиянды салдары туралы түсінік қалыптастыру;

Құқықтық жауапкершілігі туралы түсіндіру;

Мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі- құқықбұзушылық оқушының психологиялық дамуына, оқу үлгеріміне кері әсер ететінін ерекше баса айтты.

“Заң және тәртіп” тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, түсіндірілді.

Іс-шара барысында оқушыларға:

- Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша құқықтары мен міндеттері туралы,
- Құқықбұзушылықтың түрлері мен оның салдары жөнінде,
- Жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу жолдары туралы,
- Заң алдындағы жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шара оқушылардың құқықтық мәдениетін арттырып, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға, құқықтық тәртіпті сақтау маңыздылығын түсінуге ықпал етті.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/v/19K6XL7d7a/?mibextid=wwXlfr>



16 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Абай-қазақ руханиятының шамшырағы» атты апталықтың ашылуының ақпараттамасы

«Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-сінің қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің 15-19 қыркүйек аралығында тілдер мерекесі аясында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Абай-қазақ руханиятының шамшырағы» тақырыбында апталықтың ашылуы өтті.

Мақсаты:

- Қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын сыныптан тыс сайыс арқылы насихаттау.

- Оқушының бойына ақыл мен парасатты, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін бойына сіңіру

- Ұлыларымызды құрметтеу, сол арқылы оқушы бойына мақтаныш сезімін тудыру, даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге баулу.

Ашылу барысында апталықтың жоспарымен таныстырылды, Жасанды интеллект арқылы Абай туралы қызықты сұрақтар қойылып, ойындар ойнатылды. Оқушылар белсене қатысып, қызығушылық арттырып, сыйлыққа Абайдың "Қара сөздері" кітаптары тарту етілді.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/v/1NPJbX8Ww4/?mibextid=wwXIf>



17 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Отбасым-менің тірегім» бейнеролик байқауының қатысушылардың ақпараттамасы

Мақсаты:

- Оқушылардың отбасылық құндылықтар туралы түсінігін тереңдету;
- Отбасыға деген сүйіспеншілік пен құрметті арттыру;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Жас ұрпақты ұлттық дәстүрлер мен рухани тәрбиеге баулу.

Отбасы күніне орай «Отбасым-менің тірегім» атты мектепалды даярлық сынып оқушылары арасында бейнеролик байқауы ұйымдастырылды. «Отбасы – шағын мемлекет. Онда әрқайсысының өз орны бар. Тірегің де, жүрегің де – отбасың». Осы ұстанымды насихаттай отырып, жас ұрпақты отбасылық құндылықтарды бағалауға, оларды қорғауға және құрметтеуге тәрбиелеу. Барлық қатысқан отбасы оқушыларының бейнеролигі әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.facebook.com/share/v/1AXe4tTNF8/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1CPsSS9Tt7/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1KYE5FXtoR/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/174LzvU5uh/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1DFqdKm4yn/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1BFjm3x5oD/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/16fobE3B3M/?mibextid=wwXIfr>



19 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Заң және тәртіп» айы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу, кибербуллинг, буллингтің алдын алу, кәмелетке толмағандар арасында топтық төбелеске және құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу тақырында өткізілген жиналыстың ақпараттамасы

Мектебімізде Түпқараған ауданы ПБ ЖПҚб бастығының орынбасары полиция капитаны Ж.Молдабеков, АПБ ЖПҚб отбасылық- тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы полиция майоры Г. Байкүреңова және білім бөлімінің бас маманы Ғ.Нұрымбетовамен бірлесіп, 9-11 сынып оқушыларына жиналыс өткізілді. Жиналысқа 124 оқушы қатысты. Жиналыс барысында оқушыларға «Заң және тәртіп» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, түсіндірілді. Қатысқан барлық мамандар өз саласы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылармен ашық сөйлесті.

Мақсаты:

- ◆ Құқық бұзушылықтың алдын алу;
- ◆ Кәмелетке толмағандар арасында топтық төбелеске және құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу;
- ◆ Кибербуллинг, буллингтің алдын алу;
- ◆ Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ◆ Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу.

Әлеуметтік желі:<https://www.facebook.com/share/r/1Ad27ZxStc/?mibextid=wwXlfr>



**19 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының “Өнегелі 15 минут” жобасы
аясында ұлы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай өткізілген куиз
ойынының ақпараттамасы**


“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының қоңырау уақытын тиімді ұйымдастыру үшін “Өнегелі 15 минут” жобасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Күмісбай Орынтай оқушылар арасында Абайдың өмір жолы мен шығармашылығын насихаттау мақсатымен «Абайды білесің бе?» атты мектеп дәлізінде куиз ойынын өткізді. Ойынға оқушылар белсене қатысып, жауап бергендерге Абайдың нақыл сөзі жазылған тәттілер таратылды.

Мақсаты: Ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай оқушылардың шығармашыл тұлғасын қалыптастыру, Абай мұрасына деген қызығушылықты арттыру, ой-өрісін дамыту.
Куиз ойыны бірнеше бөлімнен тұрды:

1. «Абай өмірінен деректер» – ақынның өмірбаянына қатысты сұрақтар
2. «Абай шығармаларын білесің бе?» – өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер
3. «Даналық ойлар» – Абай афоризмдері мен нақыл сөздерін сәйкестендіру
4. «Жедел жауап» – логикалық және шығармашылық тапсырмалар

Оқушылар қызығушылықпен жарысып, белсенділік танытты. Қатысушылар Абай мұрасын қаншалықты терең меңгергенін көрсетті.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/v/16Q2FrbNzc/?mibextid=wwXIf>



17 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде

**“Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп”
тақырыбында өткізілген жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының
ақпараттамасы**

Мектебімізде 17 қыркүйек күні “Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп” тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болды. Жиналысқа 102 ата-ана қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп пен ата-аналар комитетінің бірлескен жұмысын ұйымдастырудың басымдылықтары;
2. Сынып ата-аналары комитетінің қызметін үйлестіру ерекшеліктері;
3. Сынып ата-аналары комитетінің төрағасы мен алқасын сайлау;
4. Ағымдағы мәселелер қаралды.

Жиналыс барысында ата-аналар белсенділік танытып, ортақ шешімдер қабылданды.

Мектеп директоры ата-аналарды оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыс тіледі. Құрметті ата-аналар мен ұстаздар! Бүгінгі кездесуіміз – балаларымыздың жарқын болашағы үшін бірлесе жұмыс істеудің маңызды бір қадамы. Қазіргі таңда мектебіміз толық жөндеуден өткен. Кабинеттеріміз заманауи үлгіге сай жабдықталған, оқулықпен толық қамтылған. Мектеп пен ата-аналар комитетінің үйлесімді әрекеті – білім мен тәрбие сапасының кепілі. Білім мен тәрбие-егіз ұғым. Отбасында бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліну керек. Баланы кішкентайынан мейірімділікке тәрбиелеу керек. Баламен үнемі ашық сөйлесуіңіз, сырласуыңыз қажет. Бірлескен жұмыстың маңыздылығы-бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің бір бағытта жұмыс істеуі қажет. Ата-аналардың мектеп өміріне араласуы – оқушылардың мотивациясын арттырады. Бала тәрбиесі тек мектептің міндеті емес. Ата-ананың белсенді қатысуы – баланың өзіндік сенімін, үлгерімін, тәртібін жақсартуға үлкен үлес қосады. Негізгі басымдықтары: Ашық әрі тұрақты қарым-қатынас орнату, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы сенімді байланыс. Тәрбие мен мәдени іс-шараларды бірлесе өткізу, мектепшілік мерекелер, танымдық кештер, спорттық жарыстарға ата-аналардың қатысуы, мұқтаж отбасыларға көмек көрсету, оқушылардың қажеттіліктерін бірлесе шешу, оқу процесін қолдау, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мектеп ортасын жақсартуға үлес қосу да айтылып өтті. Буллинг, кибербуллинг туралы да түсінік жұмысы жүргізілді. 9-сынып оқушыларының аптаның 5 күніне ББЖМ-ға дайындығы мен 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға бекітілген кесте бойынша уақытымен дайындық жұмыстарының жүйелі түрде жүргізіліп жатқандығы да айтылды. Сонымен қатар мұғалімді құрметтеу, оқушылардың, ата-ананың мұғалімдерге қарсы сөзге келмеуі де ескертілді.

<https://www.facebook.com/share/v/17QGbiMv1T/?mibextid=wwXifr>



Отбасы күніне арналған апталық жоспар аясында ұйымдастырылған "Отбасы-өмір аясы" тақырыбындағы сурет байқауының ақпараттамасы

Отбасы күніне арналған апталық жоспары аясында мектеп тәлімгері Есенжолова Аиданың бастауыш сынып оқушыларына "Отбасы-өмір аясы" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсінігін тереңдету, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту, жас ұрпақты мейірімділікке, сыйластыққа, жанұялық татулық пен жауапкершілікке тәрбиелеу, отбасы мүшелерін құрметтеуге, сурет салу өнеріне қызығушылығын арттыру. Сурет байқауына оқушылар «Отбасы – өмір аясы» тақырыбы аясында өздерінің отбасыға деген сүйіспеншілігін, жанұядағы татулық пен мейірімділікті бейнелеген туындыларын ұсынды. Шығармалар әртүрлі техникаларда (акварель, гуашь, қарындаш, фломастер және т.б.) салынды.

<https://www.facebook.com/share/v/1A6gTg247A/?mibextid=wwXIfr>



«Қауіпсіз мектеп» акциясының «Қауіпсіз білім ордасы» тақырыбында жазылған эссенің ақпараттамасы

2025-2026 оқу жылындағы «Қауіпсіз мектеп» акциясының мектепшілік іс-шаралар жоспарына сәйкес 9-сынып оқушыларына «Қауіпсіз білім ордасы» тақырыбында эссе жаздырылды.

Эссенің мақсаты:

Оқушылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсету, мектептегі қауіпсіз орта қалыптастыру жолдарын ұсыну және қоғам назарын білім беру мекемелеріндегі қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға аудару.

Бұл эсседе оқушылар «Қауіпсіз мектеп» акциясы шеңберінде жазылған және білім ордаларында қауіпсіздік пен оқушылардың амандығын қамтамасыз ету мәселелерін қамтыды. «Қауіпсіз білім ордасы» тақырыбын арқау ете отырып, шығармада оқу орындарындағы физикалық, психологиялық және киберқауіпсіздік салаларындағы маңызды аспектілер талданды. Мектептегі қауіпсіз ортаны қалыптастыруда ұстаздардың, оқушылардың және ата-аналардың өзара әрекеттестігі мен жауапкершілігін атап көрсеткен. Эссе қоғам мен мемлекеттің ортақ міндеті ретінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігін алға тартып, нақты ұсыныстарын ұсынды.

<https://www.facebook.com/share/v/1BcP1jqPq7/?mibextid=wwXIf>



"Өнегелі 15 минут" шарасы аясында "Өрт кезіндегі іс-қимылдар мен қауіпсіздік ережесін" түсіндіру ақпараттамасы

Мақсаты:

- Оқушыларға өрт қауіпсіздігі туралы білім беру, қауіп төнген жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету;
- Адам өмірі мен денсаулығын, мүлікті өрттен сақтау;
- Өрттің шығуына себеп болатын жағдайларды болдырмау, өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру;
- Төтенше жағдайда дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы "Өнегелі 15 минут" шарасы аясында оқушылардың үзіліс уақытын тиімді пайдалану үшін Кәсіби бағдар беруші педагог Ғабитқызы Ақжүніс 4"А" сыныбына "Өрт кезіндегі іс-қимылдар мен қауіпсіздік ережесін" Азбука безопасности в 4Д қосымшасы арқылы түсіндірді.

Алдын алу шаралары:

- Электр сымдары мен құралдарын тексеріп отыру.
- Сіріңке, оттықты балалардан аулақ ұстау.
- Өрт қауіпсіздігі белгілерімен таныс болу.
- Мектепте немесе үйде эвакуация жоспарын білу.

Бұл шара оқушыларды төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет етуге тәрбиелеуге бағытталған. Өрт – күтпеген және қауіпті жағдай. Сондықтан, әр адам қауіпсіздік ережесін біліп, оны орындай білуі қажет екені де айтылды.

<https://www.facebook.com/share/r/1BBXZ8oyyG/?mibextid=wwXIfr>



22 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Қауіпсіз мектеп” акциясы аясында Айнұр “Абайлаңыз, балалар!” тақырыбында түсіндіру жұмыстарының ақпараттамасы

2025-2026 оқу жылындағы “Қауіпсіз мектеп” акциясының мектепшілік іс-шаралар жоспарына сәйкес тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Есқуатова Айнұр “Абайлаңыз, балалар!” тақырыбында 1-сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты:

- Оқушыларға жолда жүру ережелерін үйрету;
- Жол ережелерін сақтауын қадағалау;
- Өз қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінуді үйрету;

#ҚАУІПСІЗМЕКТЕП

<https://www.facebook.com/share/r/1BBXZ8oyyG/?mibextid=wwXIfr>



22 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Қауіпсіз мектеп” акциясының мектепшілік іс-шаралар жоспарына сай жасөспірімдік кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлерін, себептерін анықтау, қорлау,мазақтау, қоқан-лоққы көрсетудің алдын алу бойынша түсінік жұмыстарының ақпараттамасы

Мақсаты:

- Оқушылардың буллинг (қорлау, мазақтау, қоқан-лоққы көрсету) туралы түсінігін қалыптастыру;
- Жасөспірімдер арасындағы буллингтің түрлері мен себептерін анықтау;
- Оның алдын алу жолдарын талқылау арқылы мектепте қауіпсіз орта құруға үлес қосу.

“Қауіпсіз мектеп” акциясының мектепшілік іс-шаралар жоспарына сай жасөспірімдік кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлерін,себептерін анықтау,қорлау,мазақтау,қоқан-лоққы көрсетудің алдын алу бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді. Білім алушыларға “Кибербуллингтен қалай қорғанамыз?” тақырыбында тренинг өткізіліп,сауалнама алынды.Сонымен қатар буллингке немесе кибербуллингке ұшыраған кезінде не істеу керек тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, бір-бірімен пікір алмасты.

Буллинг – қоғам үшін өзекті мәселе. Бұл тек жәбірленушіге емес, қоршаған ортаға да теріс әсерін тигізеді. Сондықтан әрбір мектепте балалардың психологиялық қауіпсіздігіне басымдық берілуі тиіс. Әр оқушы өзін қауіпсіз әрі еркін сезінетін орта құру – біздің ортақ міндетіміз.

<https://www.facebook.com/share/p/1A7AEYHfRG/?mibextid=wwXIfr>



22 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Қауіпсіз мектеп” акциясының мектепішілік іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп ішінде және ауласында орнатылған бейнебақылау камераларының орнатылғанын, өрт дабылы қосылған жағдайда жасалынатын шаралардың ақпараттамасы

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету және мектеп ішіндегі тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау.

“Қауіпсіз мектеп” акциясы аясында өткізілетін мектепішілік іс-шаралар жоспарына сәйкес, 5-сынып жетекшісі Саматқызы Гүлдана білім алушыларға мектеп ішінде және ауласында бейнебақылау камераларының орнатылғанын, олардың негізгі мақсаты – оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәртіп бұзушылықтың алдын алу екенін және өрт дабылы қосылған жағдайда оқушылар мен мұғалімдердің сабыр сақтап, эвакуация тәртібімен мектептен сыртқа шығуы тиіс екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар, өрт дабылы қосылған жағдайда эвакуация ережелерімен таныстырып, қауіп төнген жағдайда сабырлы болу, белгіленген жолмен тез әрі тәртіппен сыртқа шығу қажеттігін айтты. Оқушыларға эвакуациялау жолдары, шығу есіктері, апаттық жағдайлар кезінде әрекет ету тәртібі көрсетіліп, арнайы нұсқаулықтар берілді.

<https://www.facebook.com/share/r/166nopXePP/?mibextid=wwXIfr>



22 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Қауіпсіз мектеп ережелері” тақырыбында өткізілген бірыңғай сынып сағаттарының ақпараттамасы

Мақсаты:

-Оқушыларға мектеп ішіндегі қауіпсіздік ережелерін үйрету, тәртіптілік пен жауапкершілікке тәрбиелеу;

-Төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету жолдарын түсіндіру;

-Бір-біріне құрметпен қарау мен қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызын ұғындыру;

2025 жылғы қыркүйек айында мектебімізде 1-11 сынып оқушыларына еліміздің барлық білім беру мекемелерінде “Қауіпсіз мектеп ережелері” тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Іс-шараның мақсаты — оқушыларға мектеп аумағында және жолда жүріп-тұру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын түсіндіру, тәртіп пен жауапкершілікке баулу.

Сынып сағаттарында оқушыларға:

- Өрт қауіпсіздігі;
- Жолда жүру ережелері;
- Интернеттегі қауіпсіздік;
- Төтенше жағдайлар кезінде өзін-өзі ұстау тәртібі;
- Құқық бұзушылықтың алдын алу сияқты маңызды тақырыптар бойынша мәліметтер берілді. Мұғалімдер оқушылармен бірге түрлі жағдаяттарды талқылап, бейнематериалдар көрсетіп, сұрақ-жауап форматында әңгіме жүргізді.

Бұл іс-шара оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1FUXSvX2i9/?mibextid=wwXIf>



22 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде "Қауіпсіздік шұғыласы" тақырыбында өткізілген сурет байқауының ақпараттамасы

"Қауіпсіз мектеп" акциясы аясында "Қауіпсіздік шұғыласы" тақырыбында 2-4 сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың қауіпсіздік ережесі туралы білімдерін арттыру, олардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Аталған байқау 2-4 сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін арттырумен қатар, оларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулуды мақсат етті. Оқушылар өздерінің қиялдары мен көркемдік шеберліктерін қолдана отырып, қауіпсіз өмір салтын насихаттайтын түрлі тақырыптарда суреттер салды. Байқау барысында балалар жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі, мектеп пен үйдегі қауіпсіздік тақырыптарын кеңінен қамтыды.

<https://www.facebook.com/share/v/19gmQKDTeo/?mibextid=wwXlfr>



22 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде "Қауіпсіздік шұғыласы" тақырыбында өткізілген сурет байқауының ақпараттамасы

Мақсаты:

- Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру;
- Еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, адал еңбектің нәтижесін бағалауға тәрбиелеу;

-Еңбек ету арқылы табысқа жетуге болатынын түсіндіру.

8-сынып жетекшісі Халиева Роза "Еңбек түбі-береке" тақырыбында сынып сағатын өткізді. Сынып жетекшісі мен оқушылар еңбек ету арқылы жетістікке жетудің маңызын түйіндеді. «Кім еңбек етсе, соның қолы жетеді» деген қорытынды жасалды. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, сабақтан алған әсерлерін айтты.

Сынып сағаты жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тәрбиелік мәні зор болды. Оқушылар еңбекке деген оң көзқарастарын білдіріп, болашақта еңбекқор болуға ниет білдірді. Іс-шара мақсатына жетті.

<https://www.facebook.com/share/r/16iLgO3DOB/?mibextid=wwXIfr>



22 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде мектеп кітапханасына жаңадан келген кітаптармен 5-сынып оқушыларын таныстыру ақпараттамасы

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, әдебиетке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру және кітапханамен тұрақты байланыс орнату.

Білім ордасы – зерде мен руханияттың алтын бесігі. Осы орайда мектебіміздің кітапханасында оқырман көңілін баурап алатын, мазмұны терең, тәрбиелік мәні жоғары жаңа кітаптармен таныстыру шарасы өтті. Мектеп кітапханасына жаңадан келген кітаптармен 5-сынып оқушылары танысты. Жаңа әдебиеттер жайлы қызықты сұрақтар қойылып, дұрыс жауап берген оқушыларға кішкене сыйлықтар табыс етілді. Балалар өздеріне ұнаған кітаптарды тандап алып, қызықты оқиғалар мен жаңа кейіпкерлерге енгуге асықты. Кітапхана – білім мен қиялдың қақпасы. Шара барысында кітапханашы жаңадан түскен көркем әдебиет, ғылыми-танымдық және балаларға арналған энциклопедиялық кітаптар туралы қысқаша мағлұмат берді. Оқушылар кітаптарды парақтап, қызықтырған басылымдарды жазып алды. Сонымен қатар, кітапхана ережелерімен және кітаптарды ұқыпты пайдалану туралы ескерту жасалды.

Шара оқушылардың белсенді қатысуымен қызықты өтті. Көптеген оқушы өзіне ұнаған кітаптарды алуға ниет білдірді. Іс-шара сәтті өтті. 5-сынып оқушылары жаңа кітаптармен танысып, кітапханаға қызығушылықтары артты. Мұндай шаралар оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

<https://www.facebook.com/share/v/1A7Vix9vfs/?mibextid=wwXlfr>



**22 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
9 “А” сыныбының «ДосболLIKE»бағдарламасы бойынша бейнероликтің
ақпараттамасы**

Бағдарламаның мақсаты:

«ДосболLIKE» бағдарламасының басты мақсаты – оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, мейірімділік пен өзара сыйластықты дамыту, балалардың тұлғалық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру арқылы қауіпсіз, қолайлы және ынтымақтастық орта құру.

9 “А” сыныбы «ДосболLIKE»бағдарламасы бойынша видео ұсынады.

«ДосболLIKE» бұл:

- Бір-бірімізге құрметпен қарау
- Қиын уақыттағы қолдау
- Шынайы эмоциялар мен қарым-қатынастан алған қуаныш.

<https://www.facebook.com/share/r/1Azfv6dAaQ/?mibextid=wwXIfr>



23 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде өткізілген “Ұлағат” клубының ұлдар жиналысының ақпараттамасы

Мектебімізде “Ұлағат” ұлдар клубының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың ұйымдастыруымен ұлдар жиналысы өткізілді. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Айнұр Есқуатқызы ұлдарға құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллингке жол бермеу керектігі, мектеп формасының талапқа сай болуын, оқулықтардың үнемі тексерілетіні түсіндірілді.

Жиналыс барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісті. Ұсыныс-пікірлер тыңдалып, кейбір өзекті мәселелер бойынша бірлескен шешімдер қабылданды. Жиналыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушыларға тәрбиелік тұрғыда әсер етті.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- Құқықбұзушылық,буллинг, кибербуллинг бойынша түсіндірме жұмыстары;
- Мектеп формасының талапқа сай болуы;
- Ағымдағы мәселелер.

<https://www.facebook.com/share/p/1BНjhipocx/?mibextid=wwXIf>



23 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде өткізілген “Инабат” клубы қыздар жиналысының ақпарламасы

Мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының қатысуымен “Инабат” қыздар клубының жиналысы өткізілді.

Жиналыс барысында қыз балаға тән мінез-құлық пен әдеп ережелері, мектеп формасы, әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану(киберқауіпсіздік), буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Күн тәртібінде:

- 1.Қыз балалар арасындағы құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллинг бойынша түсіндірме жұмыстары.
2. Мектеп формасының талапқа сай болуы.
- 3.Тәрбие және этика, жеке бас гигиенасы мәселелері қаралды.

Мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна қыз балалардың бойында ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, өз-өзін дамытуға, мәдениетті, әдепті болуға баулу, қыз баланың қоғамдағы орнын айтып өтті. Қыз балалар арасында келіспеушілік салдарынан бір-бірін дұрыс түсінбей жанжал туындап, әлеуметтік желіде жиі болып тұратынын айтып өтті. Қыз бала өз абыройын, ата-анасының сенімін, өзінің қадірін жоғары қоюы керек. Ар-намыс – ең қымбат қасиет.Әр қыз бала отбасында ата-анадан алған тәрбиесімен үлгілі, тәртіпті оқушы болып жүру керектігін де ескертті. «Инабат» қыздар клубының жетекшісі Казбаншаева Ләззат халқымыздың қыз баланы ардақтап, оны ерекше тәрбиелеген. Қыздың көркі – әдебі, ибалылығы мен тәрбиесі.Қазіргі заманда қыз баланың тәрбиесіне, оның өмірге деген көзқарасына, өз-өзін дамытуына ерекше мән беру керек. Өйткені қыз – елдің көркі ғана емес, ұлттың болашағының алтын дінгегі. Қыз бала әрдайым ибалылықты, ұятты, ар-намысты биік ұстауы керек. «Қызға қырық үйден тыйым» деп бекер айтпаған. Сыртқы келбетің, жүріс-тұрысың, сөз сөйлеуің – бәрі қыздардың тәрбиесінің көрсеткіші. Әр қыз өз тазалығына ерекше мән беруі қажет. Тазалық – сұлулықтың, ал сұлулық – денсаулықтың негізі. Дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау – маңызды.Көпшілік алдында дөрекі сөйлеу, бейәдеп сөз қолдану – қыз балаға жат нәрсе. Әдепті қыздың жүзі жылы, сөзі сыпайы болады. Бос уақытты пайдалы істерге жұмсап: кітап оқып, үй шаруасына көмектесіп, өнер үйреніп, жаңа қабілеттерді дамыту керектігі де айтылды.Әлеуметтік желіде ұзақ отыруға болмайтыны да түсіндірілді. Мектеп формасының талапқа сай болуын, қысқа белдемше киюге тыйым салынатыны, шашты жайып жүру мектеп ережесіне сай емес екендігін, жаныңды таза ұстап, жүрегінде мейірім болсын. Көрікті болу – тек бет әлпет емес, жақсы мінез, жылы сөз, ақ жүрек екені де айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1BYXv3aooe/?mibextid=wwXIf>



**24 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі
оқушыларының аудандық мұрағат бөлімі ұйымдастырған «Ашық есік» күнінің
ақпараттамасы**

“Ашық есік күні” аясында мектебіміздің мұрағатшысы Уразбекова Эльмира мен 7-сынып жетекшісі Есенжолова Аида оқушыларымен бірге аудандық мұрағат бөліміне саяхат ұйымдастырды.

Мақсаты:

- Оқушыларға мұрағат қызметінің маңызын таныту;
- Тарихи құжаттармен, деректермен жұмыс істеуді түсіндіру;
- Құжаттың, мұрағаттық мәліметтің қоғамдағы маңызын түсіндіру;

Оқушылар мұрағат жұмысымен танысып, тарихи құжаттар көрмесін тамашалады. Мұрағат қызметкерлері оқушылардың қойған сұрақтарына жауап беріп, түсіндірді.

<https://www.facebook.com/share/r/1A8d42381u/?mibextid=wwXIfr>



**25 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі
“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы “Өнегелі 15 минут” шарасының жолда жүру
ережелерінің түсіндірме жұмыстарының ақпараттамасы**

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы “Өнегелі 15 минут” шарасы аясында оқушылардың үзіліс уақытын тиімді пайдалану үшін мектепалды даярлық сыныбының жетекшісі Нуратдинова Жадыра оқушыларға жолда жүру ережелерін түсіндіріп, жол белгілерімен таныстырды. Оқушылар жол ережелері бойынша сурет салды.

Мақсаты:

-Балаларды жолда жүру ережелерімен, жол белгілерімен таныстырып, қарапайым ережелерді сақтауға үйрету;

-Қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру;

-Сақтық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу;

<https://www.facebook.com/share/r/1bTaAWb9Su/?mibextid=wwXlfr>



**25 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
Түпқараған аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен
“Нашақорлық- адамзаттың қас жауы” тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен
өткізілген кездесудің ақпараттамасы**

Нашақорлықтың алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес Түпқараған аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен “Нашақорлық- адамзаттың қас жауы” тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

Мақсаты:

- Нашақорлық-ғасыр дерті екендігін, адам өміріне аса қауіптілігін ұғындыру;
- Нашақорлықтан сақтану жолдарын түсіндіру;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;

Кездесуде Түпқараған аудандық орталық ауруханасының салауатты өмір салтын қалыптастыру бөлімінің психолог маманы Итлеуова Гүлжан Күмісбайқызы және нарколог-психиатр дәрігері Аманова Ақілгек Арқабайқызы қатысып, нашақорлықтың ең басты белгілері, адам жанын улайтын қауіпті дерт екені, өмір бойғы өкінішке апаратын жол екендігі түсіндірілді.

Кітапханашы мамандар “Денсаулық” тақырыбында сөзжұмбақ ұйымдастырып, оқушылар белсенділікпен жауап берді.Кітап көрмесі ұйымдастырылып, білім алушылар өздеріне ұнаған туындылармен танысып, кітап оқу мәдениеті мен маңыздылығы туралы ақпарат алды.

<https://www.facebook.com/share/p/19w1CkT862/?mibextid=wwXlfr>



**25 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі
“Балалар кітапханасы” мен “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында Түпқараған
аудандық орталық кітапханасының мамандары өткізген “Kitap.time” шарасының
ақпараттамасы**

“Балалар кітапханасы” мен “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында Түпқараған аудандық орталық кітапханасының мамандары “Kitap.time” шарасын өткізді. Шараға 8-9 сынып оқушылары қатысты.

Шараның мақсаты:

-Білім алушыларға кітап оқуды кеңінен насихаттау;

-Көркем әдебиетке деген құштарлығын ояту;

Шара аясында оқушылар сөзжұмбақ шешіп, кітап көрмесін тамашалап, үздік жаңа 100 кітаптармен танысты.

<https://www.facebook.com/share/r/16yQJaG9cZ/?mibextid=wwXlfr>



**25 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
“Қауіпсіз мектеп” акциясы аясында жолда жүру ережелері бойынша түсіндірме
жұмыстарының ақпараттамасы**

“Қауіпсіз мектеп” акциясы аясында 3-сынып жетекшісі Кидирова Гүлшат оқушыларға жолда жүру ережелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты:

- Жолда жүру ережелерін түсіндіру;
- Оқушыларды жол ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу;
- Түрлі қауіптің алдын алу.

Шара аясында оқушыларға бағдаршамның маңызы, жаяу жүргінші өткелдері, қауіпсіз қозғалыс ережелері түсіндірілді.

Сынып жетекшісі балаларға жаяу жүргіншілерге арналған жол белгілері, бағдаршамның қызметі, көшеде өзін қауіпсіз ұстау жолдары туралы мәлімет беріп, түрлі жағдаяттық сұрақтар арқылы білімдерін бекітті. Оқушылар жолда жүру ережелері бойынша сурет салды.

<https://www.facebook.com/share/p/17LiHG4QaN/?mibextid=wwXIfr>



29 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем” атты іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сыныптарда “Ұстаз аты-биік, әрі мәңгілік” тақырыбында өткізілген бірыңғай сынып сағаттарының ақпараттамасы

Қазан айының алғашқы аптасы Ұстаздар күніне арналған “Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем” атты іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сыныптарда “Ұстаз аты-биік, әрі мәңгілік” тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты:

- Ұстаз мамандығының қадір-қасиетін ұғындыру;
- Ұстазға деген құрметті арттыру, ұстаз еңбегінің маңызын түсіндіру;

Сынып сағаты барысында оқушылар ұстаздарына деген құрмет пен алғыс сезімдерін білдіру мақсатында жүрекжарды тілектерін арнап, әсерлі өлең шумақтарын мәнерлеп оқыды. Оқушылар ұстаз мамандығының қадір-қасиетін ұғынып, мұғалім еңбегінің маңызын тереңінен түсінді. Олар жүрек жарды тілектерін арнап, өз ойларымен, пікірлерімен бөлісті. Шара барысында оқушылар ұстаздарына арнап арнау өлеңдер оқып, алғысқа толы жылы лебіздерін білдірді. Көркем шығармашылық қабілеттерін шыңдай отырып, ашық хаттар, қабырға газеттері мен түрлі қолөнер бұйымдарын әзірледі. Сонымен қатар, кейбір сыныптар сахналық көріністер қойып, ұстаз бейнесін сомдау арқылы мұғалім болудың жауапкершілігін сезінді. Бұл сынып сағаттары оқушылардың ұстаздарға деген құрметі мен риясыз алғысын білдіретін, тәрбие мен тағылымға толы әсерлі сәттерге айналды.

Әлеуметтік желі:<https://www.facebook.com/share/v/17RZeAidVV/?mibextid=wwXIf>

<https://www.facebook.com/share/v/1DJgcTYpLt/?mibextid=wwXIf>

<https://www.facebook.com/share/r/16GGbYJx2Y/?mibextid=wwXIf>



**29 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
“Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем” атты іс-шаралар жоспарына сәйкес
“Ұстазыңды құттықта” челленджінің ақпараттамасы**

Ұстаздар мерекесіне арналған “Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем” атты іс-шаралар жоспарына сәйкес мектебіміздің жас мамандары “Ұстазыңды құттықта” челленджіне қатысты. Челлендж барысында жас мамандар өз ұстаздарына деген жүрекжарды жылы лебіздерін, шынайы ризашылықтарын білдірді. Жас мамандарымыз өздері түлеп ұшқан мектебіне қайта оралған қарлығаштар боп келгенін зор мақтанышпен айта алады. Бұл челлендж арқылы жас мамандарымыз ұстаз еңбегін құрметтеп, алғыс білдіріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

<https://www.facebook.com/share/r/1DvR9ViSAV/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1BZh1CJtwP/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1BJUwV35ft/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1A4xTJV Bbt/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1Yswakhck8/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/r/17UBVtiAXu/?mibextid=wwXIfr>



29 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасының "Өнегелі 15 минут" шарасы аясында «Адам бойындағы асыл қасиеттер» тақырыбында өткізілген психологиялық тренингтің ақпараттамасы


"Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасының "Өнегелі 15 минут" шарасы аясында оқушылардың үзіліс уақытын тиімді пайдалану үшін география пәні мұғалімі Қорабаева Назира "Адам бойындағы асыл қасиеттер" тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында қызықты тапсырмалар беріліп, ойындар ойнатылды. Оқушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауабын алды. Тренинг мағыналы әрі қызықты өтті.

Мақсаты:

-Оқушылардың бойына әдептілік, кішіпейілділік, ар-ұят, достық, имандылық қасиеттерді сіңіру;

-Өзін-өзі тануға және бағалауға, адамгершілікке, бауырмалдыққа үйрету;

<https://www.facebook.com/share/p/17bWtEDnVs/?mibextid=wwXlfr>



29 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде

“Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем” атты іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-сынып оқушыларының ұстаздарын құттықтау ақпараттамасы

Ұстаздар мерекесіне орай “Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем” атты іс-шаралар жоспарына сәйкес, 1-сынып оқушылары ұстаздарға деген шексіз құрмет пен сүйіспеншіліктерін білдіріп, жүрекжарды құттықтауларын арнады. Ұстаз туралы өлеңдерін мәнерлеп оқып, тәтті тілдерімен ұстаздар қауымын қуантты. 1-сыныптың кішкентай бүлдіршіндері өздерінің алғашқы ұстаздарын және барша ұстаздар қауымын кәсіби мерекелері — Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтайды. Олар үшін мектеп табалдырығын алғаш аттап, әліппені ашып, әріп пен санды үйрену үлкен қуаныш болса, осы жолда бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздың еңбегі баға жетпес. Бүлдіршіндер ұстаздарын екінші ата-анасындай көріп, әр сабақты асыға күтеді. Балалардың күннен-күнге дамып, жаңа дүниелерді үйренуінде ұстаздың мейірімі мен қамқорлығының орны ерекше. Олар ұстаздарына шексіз алғыс айтып, әрдайым тыңдап, жақсы оқуға тырысады. 1-сынып оқушылары ұстаздарына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбектеріне табыс, отбастарына амандық тілейді. Олар алдағы уақытта ұстаздарының үмітін ақтап, білімді, тәрбиелі азамат болуға уәде береді.

<https://www.facebook.com/share/r/1AL4kFuPX2/?mibextid=wwXIfr>



29 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2-сынып оқушыларының "Сапалы ұйқы- балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы" тақырыбында өткізілген шараның ақпараттамасы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сай 2 сынып оқушыларының ата-аналарына "Сапалы ұйқы- балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы" тақырыбында шара өткізілді. Шараны өткізудегі басты мақсатымыз, баланың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау факторы ретінде ата-аналардың ұйқыға құндылық қатынасын қалыптастыру. Шара барысында ата-аналармен тренинг, ойындар, кеңестер өткізілді. Шараға мектеп медбекесі мен мектептің педагог-психологы қатысып, өз кеңестерімен бөлісті. Шара жоспар бойынша толыққанды өтті, ата-аналар үлкен ризашылығын білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/1CpfCpY66R/?mibextid=wwXifr>



1 қазан Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымының ардагер ұстаздарымызды 1 қазан-Қарттар күнімен және Ұстаздар мерекесімен құттықтау ақпараттамасы

Бүгін Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы атынан әріптестеріміз ардагер ұстаздарымызды 1 қазан-Қарттар күнімен және Ұстаздар мерекесімен құттықтады. Ардагерлеріміз құшақ жая қарсы алып, ізгі ниет, жылы лебіздерін білдіріп, ақ батасын беріп, алғысын жаудырды. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесі мен жүрегіндегі жылуын шәкірттеріне арнаған ардақты да аяулы ұстаздар!

Бүгінгі жарқын болашаққа жол ашқан еңбектеріңіз ешқашан елеусіз қалмайды.

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға амандық тілейміз!

Ұрпаққа тәлім-тәрбие берген ұлы жүректеріңізге мың тағзым!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

#ОблыстықБілімбөлімі

#ОблыстықОқу-әдістемелікорталығы

#ТүпқарағанБілімбөлімі

#ТүпқарағанОқу-әдістемелікорталығы

<https://www.facebook.com/share/v/1C5HPEyTfn/?mibextid=wwXIfn>



2 қазан Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 11-сынып оқушыларының ұстаздарды құттықтау шарасының ақпараттамасы

Бүгін 11-сынып оқушылары ардақты ұстаздарын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Шәкірттер ұстаздарына деген алғыстарын әсем ән мен жүрекжарды тілектер арқылы жеткізді.

Әрбір ұстазға ерекше ықылас танытылып, таңғы көңіл-күй керемет мерекелік атмосферамен басталды.

Оқушылар бұл сәттің ұстаздардың есінде ұзақ сақталатынына сенімді.

Ұстаздарымыз шәкірттерінің ыстық ықыласына риза болды.

<https://www.facebook.com/share/r/1ami13Bggo/?mibextid=wwXIfr>



2 қазан Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп директорының барлық ұстаздарды төл мерекесімен құттықтау челленджінің ақпараттамасы

Мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна Ақтау қалалық білім бөлімінің басшысы Утесбаева Айбаршын Қуанышқалиқызының барлық ұстаздарды құттықтау челленджін қабыл алып, Форт-Шевченко мектеп-лицейіне жолдады.

Қай кезенді алып қарасақ, та, өмірде барлық адам ұстаз алдынан өткені анық. Ел қорғаған батыр да, адам жанының арашасы болған дәрігер де, жаналық ашқан ғалым да - бәрі-бәрі осы ұстаз алдынан өткен. Тіпті, данышпан ғұламалардың да ұстазы болған. Сол себепті дана халқымыз осынау абыройлы міндетті атқарып жүрген мамандық иелерін әрқашан құрмет тұтады.

Сол құрмет пен сыйластықтың белгісі болған ерекше күндердің бірі - жылына бір рет қазан айында аталып өтетін Ұстаздар мерекесі. Келіп жеткен осынау атаулы мерекеде білім көшін ілгері жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымын мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жаңа шығармашылық, табыстар тілейміз! Шәкірттеріңіз биік шындардан көрініп, еңбектеріңіз ақтала берсін!

Мереке құтты болсын! 🍀 🍀 🍀

<https://www.facebook.com/share/r/1W4FgS1786/?mibextid=wwXlfr>




3 қазан күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде ұстаздар күніне орай «Егер мен мұғалім болсам» тақырыбында жазылған эссе жұмысының ақпараттамасы

Қазан айының алғашқы аптасында тойланатын Ұстаздар мерекесіне орай жасақталған іс-шаралар жоспарына сәйкес, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Күмісбай Орынтай 10-сыныптар арасында “Егер мен мұғалім болсам...” тақырыбында эссе жаздырды. Оқушылар ұстаздарына жүрекжарды тілек арнап, ұстаз болудың қиындығы мен қызығын кішкентай жүректерімен сезініп, жеткізуге тырысты.

Мақсаты:

- Оқушыларды мамандықты таңдай білуге үйрету;
- Оқушының қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету;
- Оқушы мамандықтарына бағыт-бағдар беру;

<https://www.facebook.com/share/v/19omaps2St/?mibextid=wwXlfr>



3 қазан күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде ұстаздар күніне орай 7-сынып оқушылары ата-аналарының құттықтау ақпараттамасы

7-сыныптың ата-аналары ұстаздар қауымын төл мерекелерімен шын жүректен құттықтады. Ұстаздардың тынымсыз еңбектеріне алғыс айтып, ерекше ықылас білдірді.

Әр баланың жүрегіне жол тауып, білім нәрін сусындатудағы рөлін жоғары бағалады. Мұғалім еңбегі- ел ертеңінің негізі екенін айтып, шәкірт тәрбиелеудегі жауапкершілік пен төзімділікке тәнті екендерін жеткізді. Ұстаз – бала жүрегіне жол таба білетін, оған білім мен тәрбие беріп қана қоймай, үлкен өмірге бағыт көрсететін ерекше жан. Балалардың жүрегіне үміт пен сенім ұялатқан әрбір ұстазға ата-аналар шексіз алғыс білдіреді. Ұстаздардың мейірімі мен еңбегі арқылы шәкірттер биік белестерді бағындырып келеді. Осы жолда сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс, отбасыларыңызға амандық пен береке тілейді. Ұстаз еңбегі – әрқашан құрмет пен алғысқа лайық. Ата-аналар қауымы әрдайым ұстаздардың жанкешті қызметін жоғары бағалайды және шын жүректен алғысын жеткізеді.

<https://www.facebook.com/share/v/19gWTMgsK6/?mibextid=wwXlfr>



3 қазан күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 4-сынып оқушыларының барлық ұстаздарды құттықтау ақпарламасы

4-сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Қоңыршаева Гүлсая барша ұстаздарды мерекесімен құттықтады.

Ұстаздардың еңбегін бағалап, болашақта сол сенімді ақтайтын жақсы азамат болуға уәде етті. Оқушылар сүйікті ұстаздарын әрқашан мақтан тұтатынын ерекше ықыласпен жеткізді.

<https://www.facebook.com/share/r/14LJ3aAYpkF/?mibextid=wwXIfr>



3 қазан күні мектебіміздің жас мамандары ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтау ақпараттамасы

Ұстаз-ұрпақтың жарық шамшырағы, қоғамның тірегі екенін айтып, денсаулық, шығармашылық табыс, шәкірттерінің құрметі мен биік белестер тіледі.

Шынайы ризашылығын білдіру мақсатында арнайы қорапшаға жазылған, шабыт пен мотивацияға толы тәттілерін сыйлады.

<https://www.facebook.com/share/r/1MTkkmLw6G/?mibextid=wwXIfr>



3 қазан күні мектебіміздің 1-сынып оқушыларының ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтау ақпараттамасы

Мақсаты: Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

Мереке қарсаңында биыл ғана мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушылары барлық ұстаздарға алғысын білдіріп құттықтады. Кішкентай бүлдіршіндер үшін ұстаз-даналықтың шамшырағы, мейірімнің мекені, шабыттың бастауы. 1-сынып оқушылары алғашқы қадамдарын мектепке басқан сәттен бастап, өздерін жылы шыраймен қарсы алған ұстаздарына алғыс білдіреді. Олар әр әріпті танып, алғашқы сөздерін жазып, санап үйреніп жатқан шақтарында ұстаздарының мейірімі мен қамқорлығын жүректерімен сезінуде. Бүлдіршіндер ұстаздарын білімнің шамшырағы, мейірім мен шыдамдылықтың үлгісі деп біледі. Олар әрдайым ұстаздарының еңбегін бағалап, өз жетістіктерімен қуантуға тырысады. 1-сынып оқушылары барша ұстаздарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтайды! Дендеріне саулық, еңбектеріне табыс, өмірлеріне шаттық тілейді!

<https://www.facebook.com/share/r/1BTGYhnjeq/?mibextid=wwXlfr>



3 қазан күні мектебіміздің 5-сынып оқушыларының пән мұғалімдерін құттықтап, бейнеролик түсіру ақпараттамасы

Бейнероликтің мақсаты:

- Оқушылардың ұстаздарға деген алғысы мен құрметін білдіру;
- Ұстаздар мерекесі аясында мұғалімдердің еңбегін бағалап, көңілдерін көтеру;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын арттыру;

Ұстаздар мерекесіне орай 5-сынып оқушылары пән мұғалімдеріне арнап бейнеролик түсірді. Бұл – шәкірттердің ұстаз еңбегіне деген құрметі мен алғысының белгісі. 5-сынып оқушылары Ұстаздар мерекесіне орай пән мұғалімдеріне арнап жүрекжарды бейнеролик түсірді. Әр оқушы өз сүйікті пән мұғаліміне алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді.

Бұл бейнеролик – балалардың шынайы ықыласы мен ұстаздарға деген терең ризашылығының белгісі. Мұғалімдер қауымы үшін бұл – үлкен шабыт пен қуаныш сыйлаған сәттердің бірі болды.

Барша ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!

Сіздердің еңбектеріңіз – ел ертеңінің жарқын болашағы! Құрметті ұстаздар! Сіздердің еңбектеріңіз әрдайым шәкірт жүрегінде сақталады. Мерекелеріңіз құтты болсын! 🌸

<https://www.facebook.com/share/v/1BZNaWAgN6/?mibextid=wwXlfr>



4 қазан Ұстаздар мерекесіне орай мектебімізде Дублёр күнін өткізу туралы ақпарат

Ұстаздар мерекесіне орай мектебімізде ерекше дәстүр-“Дублёр күні” өткізілді. Бұл күннің басты мақсаты-оқушыларға қиындығы мен қызығы мол мұғалім мамандығының еңбегін сезінуге мүмкіндік беру, жауапкершілік пен көшбасшылық қабілеттерін шыңдау;Бүгін 11-сынып оқушылары ұстаздың, мектеп басшылығының да орнында болып, өздерін жаңа қырынан танытып, білім берудің жауапкершілігі мен қызығын сезінді.Оқушыларымыздың ауызбіршілігі, белсенділігі және ұйымшылдығы барлық ұстаздарға үлкен қуаныш сыйлады.Барлық дублёрларымызға жарқын жеңістер мен шабыт тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/v/1AKhDXAyBQ/?mibextid=wwXlfr>



10 қазан күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында өткізілген шараның ақпараттамасы

5 «А» сыныбында «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында «Күй күмбірі» атты рухани-тәрбиелік іс-шара өтті. Шараны сынып жетекшісі Тілеген Мөлдір ұйымдастырып, оқушыларды қазақтың ұлттық аспабы- домбыраның қоңыр үнімен, күй өнерінің терең мағынасымен таныстырды.

Іс-шараға музыка пәнінің мұғалімі Лесбаева Алмагүл де қатысып, күйдің шығу тарихы мен маңызы жайлы қызықты ақпараттармен бөлісті.

Ұстаздарымыздың орындауындағы күйлер тыңдаушылардың көңілінен шығып, оқушыларға рухани әсер сыйлады.

Шараның басты мақсаты - оқушылардың бойында ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті арттыру, қазақ халқының мәдени мұрасын құрметтеуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1CXTUqCKwT/?mibextid=wwXlfr>



**3 қазан күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
“Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем” тақырыбында өткізілген ашық тәрбие сағатының
ақпараттамасы**

Ұстаздар мерекесіне орай 3 қазан күні 8 “А, Ә” сыныптарының “Ұстазым-
ұлағатым, үлгі-өнегем” тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты:

-Оқушыларға ұстаз еңбегінің қадір-қасиеті мен маңызын түсіндіру;


-Ұстазға құрмет көрсету, үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу;

-Ұстазға құрмет көрсету арқылы адамгершілік қасиеттерді дамыту;

Тәрбие сағатында ұстаздарға арналған әндер орындалды. Ұстаздардың еңбегі мен қоғамдағы орны туралы көрініс қойылып, қызықты ойындар ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында ұстаздардың қоғамдағы орны мен маңызы туралы түсінік қалыптастырып, оқушылардың ұстаздарға деген құрметін арттыру мақсат етілді.

<https://www.facebook.com/share/v/16p6P4KKpu/?mibextid=wwXIfr>



**6 қазан күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Өнегелі 15 минут» жобасы аясында өткізілген шараның
ақпараттамасы**

1 «А» сыныбында «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында «Күй күмбірі» атты рухани-тәрбиелік іс-шара өтті. Шараны 1-сынып жетекшісі Игісатова Әсел ұйымдастырып, оқушыларды қазақтың ұлттық аспабы — домбыраның қоңыр үнімен, күй өнерінің терең мағынасымен таныстырды. Іс-шараға Ерік Мерей де қатысып, күйдің шығу тарихы мен маңызы жайлы қызықты ақпараттармен бөлісті. Ұстаздарымыздың орындауындағы күйлер тыңдаушылардың көңілінен шығып, оқушыларға рухани әсер сыйлады. Шараның басты мақсаты-оқушылардың бойында ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті арттыру, қазақ халқының мәдени мұрасын құрметтеуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/16tonyc1Ys/?mibextid=wwXlfr>



**6 қазан күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Өнегелі 15 минут» жобасы аясында өткізілген шараның
ақпараттамасы**

«Өнегелі 15 минут» жобасы аясында «Күй күмбірі» атты рухани-тәрбиелік іс-шараны 8-сынып жетекшісі Халиева Роза ұйымдастырды.

Мақсаты:

- Ұлттық құндылықтарды ұлықтау;
- Күй өнерін оқушыларға кеңінен таныстыру;
- Домбыра тартуға деген қызығушылықтарын арттыру;

Іс-шараға мектебіміздің жас маманы Тілеген мөлдір қатысып, күйдің шығу тарихы мен маңызы жайлы қызықты ақпараттармен бөлісті.

Шара барысында қазақтың дәстүрлі күй өнері насихатталып, оқушылар мен мұғалімдер домбырада белгілі күйлерді орындады. Қоңырау уақыты мектеп дәлізін күйге бөлеп, оқушыларға ерекше рухани әсер сыйлады.

<https://www.facebook.com/share/v/17m6ebYf6V/?mibextid=wwXlfr>



**3 қазан күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Өнегелі 15 минут» жобасы аясында өткізілген шараның**

ақпараттамасы

“Өнегелі 15 минут” жобасы аясында мектебіміздің тарих пәні мұғалімдері Раева Қамаш пен Сақтағанова Гүлнәр 6-сынып оқушыларына “Қазақтың тыйым сөздерінің тәрбиелік мәні” тақырыбында танымдық шара өткізді.

Мақсаты:

- Оқушыларды қазақ халқының салт-дәстүрін сақтауға, ырымдар мен тыйым сөздер арқылы жаман әдеттен, теріс мінезден сақтануға тәрбиелеу;
- Жас ұрпақтың бойына ізгілік қасиеттері мен ұлттық құндылықтарды сіңіру;

<https://www.facebook.com/share/v/1WiLdZrReT/?mibextid=wwXIfr>



